

**«Dariya» балабақшасы 2025 – 2026 оқу жылына мектепке дейінгі
ұйымның Қамқоршылық кеңес отырысының
№1 хаттамасы**

Қыркүйек 2025 ж

Қатысқандар: Балабақша әкімшілігі,
Ата – аналар,
Тәрбиешілер

Күн тәртібінде:

1. ҚР БҒМ №355 бұйрығымен бекітілген «Үлгілік қағидаларды» зерделеу.
2. Қамқоршылық кеңестің 2025 – 26 оқу жылына арналған құрамын сайлау және төрағасын анықтау.
3. 2025 – 2026 оқу жылының жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Жакупова Г.З. сөз алып, ата – аналарды жаңа 2025 -2026 оқу жылының басталуымен құттықтады. Ол ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №305 бұйрығымен бекітілген «Үлгілік қағидаларға» сәйкес жүргізілетінін түсіндірді. Қамқоршылық кеңестің басты мақсаты – балабақшаның дамуына, материалдық – техникалық базасының нығаюына көмектесу, тәрбиенушілердің құқықтарын қорғау және мекеме қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету екенін ашық көрсетті.

Тыңдалды:

Ата – аналар комитетінің өкілі Самашев сөз алып, жаңа оқу жылына белсенді ата – аналардан тұратын жаңа құрамды бекітуді ұсынды. Ортаға салынған ұсыныстар мен ашық дауыс беру нәтижесінде Қамқоршылық кеңестің 2025 – 2026 оқу жылындағы жаңа құрамы бірауыздан келесідей болып сайланды:

- Кеңес төрайымы «Болашақ» тобының ата – анасы: Шоферова Ж.
- Кеңес хатшысы: Шамиева С.
- Кеңес мүшелері: Самашев

Жақтап дауыс бергендер 8 адам

Қарсылар жоқ.

Тыңдалды:

Келесі мәселе бойынша жаңадан сайланған кеңестің төрайымы сөз алып, 2025 - 2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасымен таныстырды.

Жоспарда балалардың тамақтану сапасын бақылау, балабақшадағы қосымша үйірмелердің ұйымдастыру барысын бақылау мәселелері қамтылған.

Қаулы:

1. «Dariya» балабақшасының 2025 – 2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамы жоғарыда көрсетілген тізім бойынша бекітілсін.
2. «Dariya» балабақшасының 2025 – 2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Шоферова Ж.

Хатшы: Шамиева С.